

"Өсімдіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 19 қараша N 1485

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Өсімдіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

ЖОБА

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

ӨСІМДІКТЕРДІ ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ

Осы Заң өсімдіктерді зиянкестерден, арамшөптерден және өсімдік ауруларынан қорғау саласындағы қызметтің құқықтық, экономикалық, ұйымдастырушылық, технологиялық принциптерін айқындайды және егінді, оның сапасын сақтауға әрі Қазақстан Республикасының аумағында фитосанитарлық іс-шараларды жүзеге асыруда адамдардың денсаулығы мен қоршаған табиғи ортаға зиянды әсерін болдырмауға бағытталған.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

зиянды организмдер - топыраққа, өсімдікке және ауыл шаруашылығы өніміне теріс әсер етуші зиянкестер, арамшөптер мен өсімдіктер аурулары;

мемлекеттік фитосанитарлық бақылау - зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің жаппай таралуының және олардан өсімдік шаруашылығы өнімі ысырабының алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасын заңды және жеке тұлғалардың сақтауына бағытталған уәкілетті

органның және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарының қызметі;
өсімдіктерді қорғау - өсімдік шаруашылығы өнімінің зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерден ысырабының алдын алуға бағытталған фитосанитарлық мониторингтің, фитосанитарлық іс-шаралардың әдістерін әзірлеуге және іс жүзінде қолдануға бағытталған қызмет саласы;

пестицидтердің (улы химикаттардың) бастапқы құрауыштары - қауіпті және аса қауіпті зиянды организмдермен күресу үшін препараттарды өндіруге арналған химиялық және басқа заттар;

пестицидтерді зарарсыздандыру - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тыйым салынған немесе жарамсыздыққа келген пестицидтерді (улы химикаттарды), сондай-ақ олардың ыдыстарын кәдеге жаратуға, көмуге немесе жоюға бағытталған іс-шаралар;

аса қауіпті зиянды организмдер - дүркін-дүркін жаппай көбеюге және таралуға қабілетті, экономикалық нұқсан келтіретін әрі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін аса қауіпті зиянды организмдер тізбесіне енгізілген өсімдіктер зиянкестері мен аурулары;

пестицидтердің қалдық мөлшері - химиялық заттардың өсімдік өнімінде және қоршаған орта объектілерінде болуының мөлшерлік көрсеткіші, оның көмегімен олардың адам мен жануарларға қауіпсіздігі бағаланады;

пестицидтер (улы химикаттар) - зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге қарсы егін жинау алдындағы құрғатуда, жапырақтарды түсіруде және өсімдіктердің өсуін реттеуде қолданылатын химиялық және басқа заттар;

пестицидтерді тіркеу - препараттарды биологиялық, уыттық, гигиеналық және экологиялық бағалау процесін аяқтайтын рәсім, оның нәтижелері бойынша уәкілетті орган жеке және заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының аумағында оларды ресми қолдану құқығына тіркеу куәлігін береді;

пестицидтерді қолдану регламенті - оларды қолданудың қауіпсіз шарттарына және тәртібіне қойылатын міндетті талаптар;

Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтер тізімі - оларды қолдану регламенттері бар тіркелген пестицидтердің (улы химикаттардың) уәкілетті орган бекіткен тізбесі;

арнайы техника - пестицидтерді қолдануға арналған құрылғылар мен жабдық;

уәкілетті орган - өкілеттігі шегінде жеке және заңды тұлғалардың өсімдіктерді қорғау саласындағы қызметін үйлестіру мен реттеуді, сондай-ақ өсімдіктерді қорғау туралы заңнаманың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

фитосанитарлық ахуал - зиянкестердің, арамшөптердің және өсімдіктер ауруларының санымен және зиянкестігімен айқындалатын ауыл шаруашылық және өзге алаптардың, ауыл шаруашылығы мақсатындағы объектілердің қалыптасқан

ж а й - к ү й і ;

фитосанитарлық мониторинг - зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің дамуы мен таралуын байқау және бақылау жүйесі;

фитосанитарлық іс-шаралар - зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің саны мен зиянкестігін азайтуды қамтамасыз етуші шаралар кешені;
зиянкестіктің экономикалық шегі - егіннің ысырабын туғызатын, ол

кезде фитосанитарлық іс-шараларды жүргізу орынды болатын зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің саны.

2-бап. Өсімдіктерді қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасы
Қазақстан Республикасының

K951000_

Конституциясына негізделеді әрі осы
Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық
актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда осы
Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттардың ережелері
қолданылады.

3-бап. Өсімдіктерді қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттері

Өсімдіктерді қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі
міндеттері:

- 1) елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 2) қолайлы фитосанитарлық ахуалды қамтамасыз ету;
- 3) фитосанитарлық іс-шараларды жүргізу кезінде ауыл шаруашылығы өнімінің, қоршаған табиғи ортаның ластануының алдын алу.

2-тарау. Өсімдіктерді қорғау саласындағы мемлекеттік реттеу

4-бап. Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғаудың мемлекеттік
жүйесі

Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғаудың мемлекеттік жүйесіне мыналар кіреді:

- 1) Қазақстан Республикасының Үкіметі;
- 2) уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері;
- 3) өсімдіктерді қорғау саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымдар;
- 4) иелігінде мемлекеттік фитосанитарлық бақылаудың объектілері бар жеке және заңды тұлғалар.

5-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің өсімдіктерді қорғау саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасы Үкіметінің өсімдіктерді қорғау саласындағы құзыретіне мыналар жатады:

- 1) өсімдіктерді қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 2) өсімдіктерді қорғау саласындағы бағдарламаларды бекіту;
- 3) олармен күрес және фитосанитарлық мониторинг республикалық бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырылатын Аса қауіпті зиянды организмдердің тізбесін б е к і т у ;
- 4) өсімдіктерді қорғау саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;
- 5) заңнамалық актілермен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен белгіленген өзге функциялар .

6-бап. Уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің құзыреті

1. Уәкілетті органның құзыретіне мыналар жатады:

- 1) олардың фитосанитарлық іс-шаралары мен мониторингі республикалық бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырылатын Аса қауіпті зиянды организмдердің тізбесін әзірлеу және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыну;
- 2) аса қауіпті зиянды организмдерге қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыну;
- 3) ауыл шаруашылығы және өзге алаптарын зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерден қорғауды жүзеге асыру жөніндегі ұсыныстарды бекіту;
- 4) пестицидтердің тіркеулік сынақтарын және мемлекеттік тіркеуін жүргізу жөніндегі ережелерді әзірлеу мен бекіту;
- 5) орман қорының жерлерін қоспағанда Қазақстан Республикасының аумағын зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің таралуынан қорғауды ұйымдастыру;

- 6) өсімдіктерді қорғау жөніндегі қызметті лицензиялау;
- 7) фитосанитарлық іс-шараларды жүргізуде мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың қызметтерін үйлестіру;
- 8) тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстық құжаттамаларды, ғылыми және өсімдіктерді қорғау жөнінде өзге зерттеулерге тапсырыстарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірлеу;
- 9) пестицидтерді мемлекеттік сатып алу, оларды сақтау, тасымалдау, қолдану жөніндегі конкурстарды ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ заңнамада белгіленген тәртіппен пестицидтердің босалқы қорын құру;
- 10) мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің және қоршаған ортаны қорғаудың уәкілетті органдарының келісуімен пестицидтерді зарарсыздандыру жөніндегі жұмыстарын ұйымдастыру;
- 11) фитосанитарлық іс-шараларды, фитосанитарлық нормативтерді, статистика органдарының келісуімен фитосанитарлық есептер мен есеп берудің нысандарын, сондай-ақ оларды тапсыру тәртібін әзірлеуді ұйымдастыру және белгіленген тәртіппен б е к і т у ;
- 12) аса қауіпті зиянды организмдер бойынша фитосанитарлық мониторингті ұ й ы м д а с т ы р у ;
- 13) өсімдіктерді қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілер және жүргізілген фитосанитарлық іс-шаралар туралы ақпаратты мүдделі адамдарға беруді ұйымдастыру мен қамтамасыз ету;
- 14) пестицидтердің тіркеулік, өндірістік сынақтарын және мемлекеттік тіркеуді ұйымдастыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтердің өкілетті орган бекітетін тізімін жүргізу;
- 15) өсімдіктерді қорғау саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулерді ұ й ы м д а с т ы р у мен ү й л е с т і р у ;
- 16) республикалық бюджеттің қаражаты есебінен сатып алынған пестицидтерді мониторингтің деректеріне байланысты аумақ бойынша тарату, олардың сапасын, сақталуын, тасымалдануын және Қазақстан Республикасы аумағында қауіпсіз қ о л д а н ы л у ы н б а қ ы л а у ;
- 17) халық арасында өсімдіктерді қорғау саласында түсіндіру жұмысын ұ й ы м д а с т ы р у және жү р г і з у ;
- 18) өсімдіктерді қорғау саласындағы халықаралық ұйымдар және мемлекеттік органдармен ынтымақтастықты жүзеге асыру;
- 19) өсімдіктерді қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерде көзделген ө з г е ф у н к ц и я л а р .

2. Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің құзыретіне уәкілетті органның функцияларын тиісті аумақта жүзеге асыру жатады.

3. Өсімдіктерді қорғау саласындағы уәкілетті органның және оның аумақтық

бөлімшелерінің басшылары бір мезгілде Қазақстан Республикасының және тиісті аумақтардың өсімдіктерді қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторлары болып табылады, уәкілетті органның өзге лауазымды адамдары бір мезгілде Қазақстан Республикасының және тиісті аумақтардың өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары болып табылады.

7-бап. Өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың құзыреті

1. Қазақстан Республикасының, облыстың, қаланың, ауданның өсімдіктерді қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторларының құзыретіне мыналар жатады:

1) тиісті аумақта мемлекеттік фитосанитарлық бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

2) тиісті аумақта фитосанитарлық іс-шараларды жүзеге асыру жөніндегі ұйғарымдарды жеке және заңды тұлғалардың орындауына беру және олардың орындалуын бақылау;

3) фитосанитарлық есепті және есеп беруді ұйымдастыру мен жүргізу және Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен оны тапсыру;

4) осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өзге функциялар.

2. Өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың құзыретіне мыналар жатады:

1) тиісті аумақта мемлекеттік фитосанитарлық бақылауды жүзеге асыру;

2) фитосанитарлық есеп пен есеп беруді жүргізу және Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен оны тапсыру;

3) осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өзге функциялар.

8-бап. Өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың құқықтары

1. Өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар мынаған құқылы:

1) жеке және заңды тұлғалардың заңнаманы және өсімдіктерді қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді сақтауын тексеру мақсатында олардың аумақтары мен ауыл шаруашылығына арналған объектілеріне кедергісіз кіруге;

2) жеке және заңды тұлғаларға, өсімдіктерді қорғау туралы заңнаманың анықталған бұзушылықтарын жою туралы ұйғарымдар ұсыну, ұйғарымдар орындалмаған жағдайда хаттамалар жасап, соттарға қуыным арызын жіберуге;

3) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес айрықша жағдайларда жеке және заңды тұлғалардың қызметін соттың шешімінсіз 3 күнге дейін мерзімге өсімдіктерді қорғау саласындағы заңнаманың бұзушылықтарын жойғанша, міндетті түрде көрсетілген мерзімде қуыным арызын сотқа берумен, тыйым салуға және кідіртп қ о ю ғ а ;

4) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен өсімдіктерді қорғау туралы заңнаманы бұзған жағдайда жеке және заңды тұлғаларды әкімшілік жауапкершілікке тартуға.

2. Өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың әрекеттеріне шағым уәкілетті органға немесе сотқа берілуі мүмкін.

9-бап. Өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың а к т і л е р і

1. Хаттамалар мен ұйғарымдардың нысандарын, оларды жасау мен берудің тәртібін уәкілетті орган Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексiне с ә й к е с б е к і т е д і .

2. Өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың ұйғарымдары қызметі фитосанитарлық іс-шараларды жүргізуге байланысты жеке және заңды тұлғалардың атқаруы үшін міндетті.

10-бап. Өсімдіктерді қорғау саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік ұ й ы м д а р

1. Өсімдіктерді қорғау саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымдарды қызметтердің мына түрлерін жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі құрады:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша аса қауіпті зиянды организмдердің фитосанитарлық мониторингі;

2) тіркеуге ұсынылған препараттарды қолданудың реттемелерін

өндірістік жағдайда тексеру үшін пестицидтердің өндірістік сынақтары;

3) пестицидтердің қалдықты мөлшерінің болуына ауыл шаруашылығы өнімдерін тексеру.

2. Осы баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген қызметтің түрлері мемлекеттік монополияға жатады.

3. Өсімдіктерді қорғау саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымдар, сондай-ақ иелігінде мемлекеттік фитосанитарлық бақылауға жататын объектілері бар жеке және заңды тұлғалар уәкілетті орган

бекіткен тәртіппен фитосанитарлық есеп жүргізеді және уәкілетті органға тапсырады.

3-тарау. Мемлекеттік фитосанитарлық бақылау

11-бап. Мемлекеттік фитосанитарлық бақылаудың мақсаттары мен міндеттері

Мемлекеттік фитосанитарлық бақылау мыналарды көздейді:

- 1) жеке және заңды тұлғалардың өсімдіктерді қорғау туралы заңнаманың талаптарын сақтау жөніндегі қызметін бақылау;
- 2) фитосанитарлық іс-шараларды ұйымдастыруды және орындалуын бақылау;
- 3) фитосанитарлық есепті жүргізу мен беру;
- 4) өсімдіктерді қорғау туралы заңнаманың бұзушылықтарын анықтау және жолын кесу;
- 5) пестицидтердің тіркеулік және өндірістік сынақтарын ұйымдастыру мен жүргізуді бақылау.

12-бап. Мемлекеттік фитосанитарлық-бақылау объектілері

Мемлекеттік фитосанитарлық бақылау объектілері:

- 1) ауыл шаруашылық және өзге алаптар, зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің тіршілік ету орындары болып табылатын ауыл шаруашылығына арналған объектілер, сондай-ақ өсімдік шаруашылығы өнімі;
- 2) зиянды және аса қауіпті зиянды организмдер;
- 3) фитосанитарлық іс-шараларды жүргізу үшін пайдаланылатын арнайы техника мен пестицидтер.

13-бап. Мемлекеттік фитосанитарлық бақылауды жүзеге асыру тәртібі

Мемлекеттік фитосанитарлық бақылауды уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелерінің өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары жүзеге асырады.

14-бап. Өсімдіктерді қорғау жөніндегі қызметті лицензиялау

1. Міндетті лицензиялануға мыналар жатады:

1) тіркеулік, өндірістік сынақтар және ғылыми зерттеулер үшін тәжірибелік үлгілерді қоспағанда пестицидтерді және оларды өндіру үшін бастапқы құрауыштарын ә к е л у ;

2) пестицидтерді қолдану бойынша қызмет көрсету жөніндегі қызмет.

2. Пестицидтерді әкелуді және пестицидтерді қолдану бойынша қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.

3. Лицензиат өсімдіктерді қорғау саласындағы өз қызметінің нәтижесі бойынша аумақ бойынша пестицидтердің келіп түсуі мен жұмсалыуына есеп жүргізеді және белгіленген тәртіппен уәкілетті органға фитосанитарлық есеп тапсырады.

15-бап. Пестицидтерге мемлекеттік фитосанитарлық бақылау

1. Пестицидтерді өндіру, әкелу, тасымалдау, сақтау, сату және қолдану мемлекеттік фитосанитарлық бақылауға жатады.

2. Тіркеулік, өндірістік сынақтар және ғылыми зерттеулер үшін әкелінетін тәжірибелік үлгілерді қоспағанда, мемлекеттік тіркеуден өтпеген пестицидтерді, сондай-ақ тіркелмеген пестицидтерді өндіру үшін бастапқы құрауыштарды өндіруге және әкелуге тыйым салынады.

3. Пестицидтерді мемлекеттік тіркеу уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүргізіледі.

4. Мемлекеттік тіркеуден өткен пестицидтер уәкілетті орган жүргізетін Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтердің тізіміне енгізіледі.

4-тарау. Міндетті талаптар

16-бап. Жеке және заңды тұлғалардың зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің жаппай таралуының алдын алу жөніндегі міндеттері

1. Қызметі мемлекеттік фитосанитарлық бақылаудың объектілерімен байланысты жеке және заңды тұлғалар мынаған міндетті:

1) зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің жаппай таралуының алдын алу мақсатында өз аумағында фитосанитарлық мониторинг және фитосанитарлық іс-шараларды жүзеге асыруды қамтамасыз етуге;

2) егіндерді, өзге ауыл шаруашылығы алаптарын, өсімдік текті өнімдерді сақтау мен қайта өңдеу үшін үй-жайды зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің жұғуынан қорғауды жүргізу;

3) қоршаған ортаның және ауыл шаруашылығы өнімдерінің пестицидтердің улы қалдықтарымен бекітілген санитарлық-гигиеналық нормалардан асыра ластануына жол бермеуге;

4) өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың өсімдіктерді қорғау және қоршаған ортаны қорғау салаларындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келмейтін, адам денсаулығы мен қоршаған ортаға қауіп төндіретін, тыйым салынған әрі жарамсыздыққа келген пестицидтерді зарарсыздандыру жөніндегі ұйғарымдарын орындауға;

5) өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторларға олардың қызметтік міндеттерін орындауына көмек көрсетуге.

2. Тыйым салынған немесе жарамсыздыққа келген пестицидтерді, сондай-ақ олардан босаған ыдыстарды зарарсыздандыруды (кәдеге жарату, көму, жою) жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қамтамасыз етеді.

17-бап. Зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің жаппай таралуының алдын алу және олармен күресу жөніндегі фитосанитарлық іс-шараларды ұйымдастыру

Фитосанитарлық іс-шараларды ұйымдастыруды және жүргізуді уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері белгілейді әрі қызметі мемлекеттік фитосанитарлық бақылаудың объектілерімен байланысты жеке және заңды тұлғаларға міндетті болып табылады.

18-бап. Пестицидтердің босалқы қоры

1. Пестицидтердің босалқы қоры аса қауіпті зиянды организмдерге қарсы күрес үшін арналған пестицидтердің үнемі жаңартылып отыратын белгілі көлемі және уәкілетті органның меншігі болып табылады.

2. Босалқы қор республикалық бюджеттің қаражаты есебінен сатып алынған пестицидтердің көлемінен құралады және аса қауіпті зиянды организмдердің жаппай көбеюі мен таралуының алдын алуға және жоюға арналған.

3. Пестицидтердің түрлері бойынша босалқы қордың нормативін және оны қолданудың тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

19-бап. Фитосанитарлық нормативтер

1. Фитосанитарлық нормативтер ауыл шаруашылығы өсімдіктері және алаптары үшін оның қауіпсіздігі тұрғысынан фитосанитарлық факторды сипаттайтын көрсеткіштердің рұқсат етілген ең көп немесе ең аз сандық немесе сапалық деңгейін а й қ ы н д а й д ы .

2. Фитосанитарлық нормативтер өсімдіктерді қорғау туралы заңнамаға сәйкес жүргізілетін зерттеулермен белгіленеді.

3. Фитосанитарлық нормативтер фитосанитарлық іс-шаралардың көлемін объективті және негізделген жоспарлау жүргізу, сондай-ақ зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің жаппай көбею, таралу және жою мүмкіншілігін болжамдау үшін негіз болып табылады.

4. Фитосанитарлық нормативтерді уәкілетті орган бекітеді және өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың мемлекеттік фитосанитарлық бақылауды жүргізуі үшін негіз болып табылады.

20-бап. Адамдардың денсаулығы және қоршаған орта үшін қауіп төндіретін пестицидтерді зарарсыздандыру тәртібі

Адамдардың денсаулығы және қоршаған орта үшін қауіп төндіретін, тыйым салынған немесе жарамсыздыққа келген пестицидтер, сондай-ақ олардан босаған ыдыстар, қоршаған ортаны қорғау органдарымен келісім бойынша уәкілетті орган айқындаған тәртіппен міндетті зарарсыздандыруға (кәдеге жаратуға, көмуге, жоюға) ж а т а д ы .

21-бап. Өсімдіктерді қорғау саласындағы ғылыми зерттеулерді және өсімдіктерді қорғау жөніндегі мамандарды дайындау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі қызметті үйлестіру

1. Уәкілетті орган өсімдіктерді қорғау саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулердің жүргізілуін ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды, зерттеулердің нәтижесінде әзірленген фитосанитарлық іс-шараларды жүзеге асыру тәртібін және тәсілдерін реттеуші әдістерді, әдістемелерді, ұсыныстарды бекітеді.

2. Өсімдіктерді қорғау жөніндегі мамандарды дайындау және біліктілігін арттыру жөніндегі оқыту бағдарламалары (оқу бағдарламалары) міндетті түрде уәкілетті органмен келісілуге ж а т а д ы .

5-тарау. Өсімдіктерді қорғау жөніндегі іс-шаралардың

қаржыландырылуы және өсімдіктерді қорғау туралы заңнаманы
бұзғаны үшін жауапкершілік

22-бап. Өсімдіктерді қорғау жөніндегі іс-шаралардың қаржыландырылу көздері

1. Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен аса қауіпті зиянды организмдердің тізбесі бойынша фитосанитарлық іс-шараларды жүргізуге арналған шығындарды қаржыландыру жүзеге асырылады.

2. Республикалық бюджеттің есебінен жүзеге асырылатын іс-шаралар мыналарды қ а м т и д ы :

1) аса қауіпті зиянды организмдердің мекендеу орындарын анықтау жөніндегі фитосанитарлық мониторингті жүргізу;

2) аса қауіпті зиянды организмдерге қарсы химиялық өңдеу жүргізу үшін пестицидтерді сатып алу, сондай-ақ пестицидтердің босалқы қорын қалыптастыру және ж а ң а р т у ;

3) пестицидтерді кедендік рәсімдеу, сақтау және жұмыстарды жүргізу орындарына ж е т к і з у ;

4) аса қауіпті зиянды организмдердің зияндылықтың экономикалық шегінен аса таралған орындарында химиялық өңдеу жүргізу;

5) республикалық бюджеттің қаражаты есебінен сатып алынған тыйым салынған және жарамсыздыққа келген пестицидтерді, сондай-ақ олардан босаған ыдыстарға з а р а р с ы з д а н д ы р у жүргізу ;

6) өсімдіктерді қорғау саласында қолданбалы зерттеулер жүргізу.

3. Мемлекеттік фитосанитарлық бақылау объектілері иелерінің есебінен, уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, мына фитосанитарлық іс-шаралар жүргізіледі:

1) өз қаражаты есебінен сатып алынған, тыйым салынған және жарамсыздыққа келген пестицидтерді, сондай-ақ олардан босаған ыдыстарды өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың ұйғарымы бойынша зарарсыздандыру;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Тізімге енгізілген аса қауіпті зиянды организмдерді қоспағанда, зиянды организмдерге қарсы күрес жөніндегі і с - ш а р а л а р ;

3) ауыл шаруашылығы өнімдерін пестицидтердің улы қалдықтарының болуына т е к с е р у .

4. Пестицидтердің тіркеулік және өндірістік сынақтары уәкілетті орган белгілеген тәртіппен пестицидтерді өндірушілердің қаражаты есебінен жүргізіледі.

23-бап. Өсімдіктерді қорғау туралы заңнаманы бұзғаны үшін жауаптылық

1. Өсімдіктерді қорғау туралы заңнаманы бұзғаны үшін кінәлі жеке және заңды тұлғалар, мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жауапты болады.

2. Өсімдіктерді қорғау туралы заңнаманы бұзғаны үшін жауаптылыққа

тарту кінәлі адамдарды адамдардың денсаулығына, қоршаған ортаға келтірген нұқсанды Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен өтеу қажеттігінен босатпайды.

24-бап. Осы Заңның қолданысқа енгізілуі

Осы Заң ол ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Жұманазарова А.Б.